



## ЖЕКЕ ҚАРЖЫ

Пайлық инвестициялық қорлар және  
индекстік қорлар



Кітап: Жеке қаржы

Дәріс: Пайлық инвестициялық қорлар және индекстік қорлар

## Сұрақтар

- Пайлық инвестициялық қорлар мәні және мазмұны
- Пайлық инвестициялық қорлардың түрлері
- Индекстік қорлар немесе көгілдір фишкалар қорлары
- Пайдалық инвестициялық қорлар мен индокесті қорлардың жұмыс істеу механизмі



Джон Клифтон Богл - американдық кәсіпкер, белгілі инвестор, әлемдегі ең ірі The Vanguard Group инвестициялық компаниясының негізін қалаушы, «Мағыналы тұрғыдан қарағандағы өзара қорлар. Ақылға қонымды инвестиция үшін жаңа императивтер» бестселлерінің авторы. Ол өз кітабында «Біз инвестициялауды мүмкіндігінше ертерек бастауымыз керек екенін білеміз және осы сәттен бастап үздіксіз инвестицияға ақша салуды жалғастырамыз. Біз инвестициялау тәуекелге байланысты екенін білеміз. Инвестициялаудан бас тарту-қаржылық сәтсіздікті білдіретінін, акциялар мен облигациялар нарығы табыстылық көзі болып табылатындығын және бұл-даналық жолындағы алғашқы қадам екенін білеміз» деп жазған еді.

Бүгінде Пайлық инвестициялық қор көптеген адамдардың жинақтарын сақтап, көбейтуге мүмкіндік беретін замануы инвестициялау құралына айналды деп сеніммен айтуға болады. Бұл ретте, ол депозиттерге немесе жылжымайтын мүлікке инвестициялар салымына балама бола алмайды, ол мүмкіндігі кең инвестициялар желісін толықтырады және портфельді кеңейтуге қол жеткізуге ықпал етеді. Қорлардың пайларын иемдену үшін миллиардтаған қаржы иесі болуы міндетті емес, қазақстандық бөлшек Пайлық қорларға кірудің орташа минималды деңгейі бүгінгі күні 100 000 теңгеден аспайды.

Пайлық инвестициялық қор - бұл қор салымшыларының қаражатын табыс алу мақсатында шоғырландыру негізінде құрылған ұжымдық инвестициялар қоры. Өз мәні бойынша Пайлық инвестициялық қор - бұл сенімді басқару нысаны, онда әрбір пайшы қорға өзі енгізген қаражатқа байланысты өз пайдасының үлесін алады. Басқару ыңғайлы болу үшін «инвестициялық пай» атауы ойлап табылған. Инвестициялық пай - басқарушы компанияның инвестициялық меншігінің ең аз үлесі. Немесе инвесторға компанияның пайдасының белгілі бір бөлігін алуға құқық беретін жай құнды қағаз.

Әрине, Пайлық инвестициялық қордың табыстылығы бірінші кезекте туындайтын мәселе. Пай қорлары сізге депозитке қарағанда жоғарырақ табыс әкелуі мүмкін, орта есеппен жылдық 20-25% құрауы мүмкін. Пай қорына салынатын қаржы көп жағдайда инвестициялау мақсаттарына байланысты болады. Түрлі мақсаттар, мысалы, өз жинақтарын инфляциядан сақтау немесе портфельдің құрылымын диверсификациялау, пайда алу стратегиясына байланысты мақсаттар табыс көлеміне әсер етеді. Алайда, бұрын алынған табыстылық болашақта дәл сондай шамада табыс алуға кепілдік бермейтінін түсіну керек. Өйткені қор нарығы, экономикалық жағдай, инвестициялық нарық күн сайын түрлі факторлардың әсерінен өзгеріп отырады.

## Пайлық инвестициялық қорлардың түрлеріне келер болсақ

Үлесті сатып алу шарттары мен мерзіміне байланысты қорларды бірнеше түрге бөлуге болады.

**Ашық қорлар** - пай қорларына инвестициялаудың ең кең тараған және танымал тәсілі. Пай иелері кез келген уақытта өз үлестерін сатып алады және сата алады.

**Жабық қорлар** - пайларды тек Қор қызметін тоқтатқан кезде ғана алып әрі қарай сатып, пайдасын көруге болады. Әдетте, бұл қорлар нақты қандай да бір жобаға негізделеді, мысалы, жылжымайтын мүлікті салып қолданысқа беру жобасы. Құрылыс аяқталып объекті қолданысқа бергеннен кейін Қор жабылады және



пайда пайшылардың арасында бөлінеді.

**Аралық қорлар** -пайшылар қор үлесін сату және сатып алу кезеңі мен уақытын алдын ала келісіледі. Мысалы, жылына 2 рет 2 апта арасында немесе әр тоқсанның басында алғашқы 15 күн аралығында.

Инвестициялық стратегиясы бойынша пайлық инвестициялық қорлардың әлдеқайда кең спектрі түрлері болады:

- \* акциялар қорлары;
- \* облигациялар қорлары;
- \* аралас инвестициялар қорлары;
- \* индекстік қорлар;
- \* жылжымайтын мүлік қорлары;
- \* тауар нарығының қорлары;
- \* ипотекалық қорлар;
- \* ақша нарығының қорлары;
- \* тікелей инвестициялар қорлары;
- \* қорлардың қорлары.

**Акциялар қорлары.** Қор нарығының акцияларына инвестициялауға бағытталған. Сондай-ақ портфельде, облигациялардың болуына рұқсат етіледі, бірақ үлесі аз болуы керек. Ереже бойынша қаражаттың 50% - дан кем емес және облигациялардың 40% - дан артық емес болуы тиіс. Инвесторлар арасында ең көп сұранысқа ие қор.

**Облигациялар қорлары.** Акциялар қорының айналы бейнесі. Негізгі облигацияларды сатып алуға негізделген, яғни портфельде 50% - дан кем емес облигациялар және акцияларға 40% - дан артық емес бөлінегін шарт қойылады. Әдетте, мұндай қорлар өте жоғары табысқа ие емес. Негізінен өз қаражатының сақталуын бірінші орынға қоятын өте консервативті инвесторлар үшін қолайлы.

**Аралас инвестициялар қорлары.** Акциялар мен облигациялар қорының аралас симбиозы. Басқарушы компания өз активінде акциялар мен облигациялардың үлесі қандай пропорцияда болуын өзі шешуге құқылы. Кірістілігі мен тәуекел деңгейі бойынша жоғарыда аталған 2 қорлар арасында аралық орын алады. Аралас инвестициялардың кейбір қорлары акцияларды сатып алуға баса назар аудару есебінен жоғары пайдалылықты көрсете алады.

**Қорлар қорлары.** Нақты таңдауға тоқтала алмайтын адамдар үшін. Ақша белгілі бір пропорцияда бірнеше қорлар бойынша бөлінеді. Кемшілігі-екі есе шығындар болу ықтималдылығы. Сіз қор қорына сыйақы төлейсіз, ол өз кезегінде басқа қорларды сатып алу кезінде шығындарды көтереді. Сіздің тәуекеліңізді төмендетуі мүмкін, бірақ ақыр соңында жалпы табыстылықты төмендетеді.

**Венчурлік инвестициялар қорлары.** Жоғары тәуекелдермен сипатталады. Ақша стартаптар деңгейінде перспективалы жобаларға салынады. Бұл қорлар инновациялық бизнеске негіз болатын, тәуекелі жоғары, ғылыми зеріттеу нәтижелерін коммерциализациялауға бағытталған венчурлық жобаларды қолдауға бағытталған. 80% жағдайда, пайлардың иелері миуста болуы мүмкін. Алайда, қалған 20% шығарылған шығындарды бірнеше рет жабатын пайда әкеледі, оларды жұлдызды жобалар деп атайды. Мысалы әлемдегі ең ірі венчурлық қорлардың бірі, 1972 жылы құрылған американдық Sequoia Capital.





Кітап: Жеке қаржы

Дәріс: Пайлық инвестициялық қорлар және индекстік қорлар

Бұл қор Apple, Google, Youtube, Airbnb, WhatsApp, Instagram сияқты кәзіргі гигант компанияларды венчурлық қаржыландыру арқасында дамытып, инвестрлерге миллиондаған табыс әкелген. Тек Facebookқа ғана инвестиция құймада, өйткені кездесуге Марк Цукербер пижаммамен келген болатын, сондан қор иелері оны жауапсыз деп ойлап, ақша беруден бас тартқан.

**Тікелей Инвестициялар қорлары.** Нақты кәсіпорынның ашық нарықта сатылымға шықпаған акцияларын тікелей сатып алу арқылы пайға ие болу.

**Жылжымайтын мүлік қорлары.** Құрылысқа не оны одан әрі сату немесе жалға беру үшін жылжымайтын мүлікті сатып алуға ақша инвестициялау.

**Ипотекалық қорлар.** Ипотекалық несиелер бойынша кепілдіктерді сатып алуға ақша салады. Пайда негізгі қарыз алушылардың ипотекасы бойынша пайыздарды төлеу есебінен қалыптасады.

**Ақша қорлары.** Құралдарды қысқа мерзімге қауіпсіз орналастыруға мүмкіндік береді. Кірістілігі банк депозиттеріне ұқсас. Пайшыдан сыйақы алынбайды.

Пайлық инвестициялық қорлар өзінің түріне байланысты әртүрлі табыстылыққа ие. Олар сатып алу-сату жоспары мен шарттары бойынша өз клиенттеріне неғұрлым ыңғайлы болған сайын, олардың табыстылығы соғұрлым төмен болады.

Жылжымайтын мүлік, ипотекалық, тікелей және венчурлік инвестициялар қорлары тек жабық инвестициялық пай қорларында пайдаланылады. Әдетте, олардың орташа табыстылығы басқаларға қарағанда әлдеқайда жоғары болады.

**Индекстік қорлар немесе көгілдір фишкалар қорлары.** Мұндай қорлардың табыстылығы белгілі бір индекстер көрсеткіштеріне негізделеді, мысалы, KASE, MSCI Emerging Markets, Доу-Джонс, Standard and Poor's 500 сияқты. Оған индексте тұратын пропорцияға сай акциялар кіреді. Егер индекстің құрамы өзгерсе, онда индекстік қордың құрамы да өзгереді.

Индекстік қоры не үшін қажет? Практика көрсеткендей қор нарығын дәл болжап, нақты жоспарлау ешкімнің қолынан келмейді. Қысқа уақыт аралықтарында, мысалы 2-3 жыл ішіндегі қор индекстерінің өзгеруін болжау мүмкін болар, бірақ ұзақ уақытқа өзгерістерді болжау мүмкін емес процесс болып табылады. Қор нарығының жалпы жағдайын біліп отыру үшін, және жеке компаниялар мен акциялардың құндылығын біліп отыру үшін қор индекстерімен бірге жүріп отыру абзал. Сондықтан да индекстік қорлар құрылған.

Индекстік қорлардың артықшылығы ретінде басқарушы компанияның төмен комиссиялық шығынын атап өткен жөн. Инвестор үшін көптеген мәмілеттерді талдап, нарықтағы жағдайды қадағалаудың қажеті жоқ, бұл қызметті басқарушы компания атқарады. Пайлар қордағы қағаздардың құнының өзгеруін қадағалау үшін индекстің көрсеткіштерін талдап отыруы жеткілікті.

Әрине, қор индексті толық көшіргендіктен, нарықтың құлауы кезінде онымен бірге нарықтағы барлық қорлар мен акциялардың құны да түседі. Қарпайым қорлар мен нарықтарда басқарушы компания үшін бұл кезде құны тез төмендейтін немесе осындай ықтималдылық бар активтерден арылу мүмкіндігі бар. Немесе, күшті экономикалық күйзелістер кезінде ешқандай операциялар жасамай күте алу мүмкіндігі бар. Осылайша, қор нарығындағы бағаның құлдырауы кезінде ірі шығындардың алдын алуға болады.

Ал индекстік қорларда мұндай мүмкіндіктер жоқ. Олардың портфелінің құрамы индекске 100% сәйкес болуы тиіс. Пайшылар болса олардың құнының қалай төмендегенін немесе жоғарылығын бақылай ғана алады. Қор индексі осы индекстің есебіне кіретін бағалы қағаздар құнының жиынтық өзгеруін білдіреді. Мысалы, белгілі бір елдің немесе саланың акциялар жиынтығынан құралады.

Ең танымал қор индекстері: Standard and Poor's 500 америкалық қор нарығының 500 ірі компанияларының нарықтық капиталдануын көрсетеді: IBM, Exxon Mobil, CitiGroup сияқты; MSCI Emerging Markets дамушы елдердің қор нарықтарының индексі: Ресей, Үндістан, Бразилия және басқалар кіреді; NASDAQ Microsoft, Intel, Apple, Sun Microsystems, Yahoo және басқалар сияқты жоғары технологиялы инновациялық компаниялардың индексі, RTS 50 ірі ресейлік компаниялардың нарықтық капиталдануын көрсетеді: «Газпром», «Лукойл» және басқалар.

Бізде Қазақстанда өз акциялар индексі бар, KASE индексі, ол өз эмитентін капиталдандыру деңгейін және еркін айналыстағы акциялар санын ескере отырып қазақстандық компаниялардың акцияларымен нарықтық мәмілелер бойынша бағаларының өзгеруін көрсетеді.

Бірнеше индекстік қорлардың пайларына қаржыны бөліп салуға болады - бұл «барлық жұмыртқаларды бір себетке салмай», басқаша айтқанда инвестициялау тәуекелін төмендетуге мүмкіндік береді. Бірнеше қордың пайларына ақша салу-бастаушы инвестор үшін инвестициялаудың ең ақылға қонымды



стратегиясы.

### **Пайдалық инвестициялық қорлар мен индекстік қорлардың жұмыс істеу механизміне тоқтайтын болсақ**

Пай сатып алу арқылы сіз өз қаражатыңызды маманданған басқарушы компанияға бересіз. Басқарушы компания сіздің ақшаңызды түрлі қаржылық құралдар арқылы инвестициялайды. Қаржылық операциялардың табыстылығына байланысты сіздің де табысыңыз өседі немесе төмендейді.

Акцияларды инвестициялау барысында олардың құны өссе, пай құны да автоматты түрде өсіп отырады. Акция 20% — ға өсті десек – тиісінше сіздің пайдың құны да 20% - ға өседі. Құны төмендеген кезде, пай бағасы да төмендейді.

Неге пайлық инвестициялық қорларға ақша салу қолайлы ?

Инвестициялық қорлардың пайларын сатып алу табыстылығы инфляцияны зорға жабатын банк салымдарының жақсы баламасы. Пайлық инвестициялық қорларға инвестиция жасай отырып, банк салымдарының деңгейінде немесе тіпті одан да жоғары белгіленген табыстылықты қоса алғанда, әртүрлі әлеуетті табыстылықты таңдауға болады. Егер сіз тәуекелдің белгілі бір деңгейіне дайын болсаңыз-пайданы 1,5, 2 есе және одан жоғары арттыруға болады.

Пайлық инвестициялық қорлар өз ақшасын тиімді басқарғысы келетін инвесторлар үшін тамаша опция, бірақ көптеген жеке тұлғалардың, қарапайым адамдардың қаржылық сауаттылығы немесе басқа да факторлары бұл мақсатқа жетуде кедергі болады, мысалы:

1. инвестициялау тәжірибесінің жоқтығы.
2. пай туралы қажетті білім болмауы.
3. қаржы құралдарына салу үшін жеткілікті сома болмауы.
4. өз қаржыларын басқару үшін уақыт тапшылығы.



Сондай-ақ, салыстырмалы түрде аз ақша үшін де құрамына түрлі қаржы құралдары кіретін инвестициялық портфельін қалыптастыруға болады. Мұндай диверсификация сіздің салымыңызды әр түрлі қаржылық қиындықтардан және ықтимал шығындардан айтарлықтай қауіпсіздендіреді. Vanguard Group қорының негізін қалаушы және ұзақ мерзімді инвесторлар мүдделерінің қорғаушысы Джон Боглдың кітаптарын әрбір инвесторға оқып шығу тиіс. Джон Боглдың 4,9 трлн доллары бар активтерді басқаратын компания құруға мүмкіндік берген басты ережелері мыналар:

1. Инвесторлар қашатын ең үлкен тәуекелі бар жобаларға инвестициялаңыз - бұл қысқа мерзімді құбылмалылық емес, капиталдың жинақталуына қарай жеткілікті табыс алу тәуекелі.
2. Уақыт - сіздің досыңыз. Дер кезінде инвестициялау - бұл пайдалы әдет, оны мүмкіндігінше ерте кезден бастап дағдыға айналдыру қажет. Егер сіз тіпті қарапайым соманы 20 жылға инвестицияласаңыз, сіздің өміріңіз үшін ол керемет өлшемге дейін өсуі мүмкін.
3. Импульсивті шешімдер - сіздің жауыңыз. Сіздің инвестициялық көзқарасыңыз эмоцияға бағынбауы тиіс. Болашақ пайданы ұтымды бағалаңыз және Уолл-стриттен шығатын эфемерлік сигналдардың әсерінен өз бағалауыңызды өзгертіңіз. Сізге бірегей ақпарат болып көрінген факторды басшылыққа алмауға тырысыңыз — шын мәнінде ол ақпаратты миллиондаған басқа да инвесторларде біледі.
4. Арифметика жұмыс істейді. Таза табыс — бұл шығындарды шегергендегі сіздің инвестициялық портфеліңіз бойынша табыс. Инвестициялық шығындар төмен болуын әрдайым қадағалаңыз — тым жоғары шығындар тіпті күрделі пайыздардың логикасын бұзуға қабілетті.



Кітап: Жеке қаржы

Дәріс: Пайлық инвестициялық қорлар және индекстік қорлар

5. Қарапайым шешімдер — инвестицияның ең жақсы шешімдері қарапайым: бұл акциялар, облигациялар және ақша қаражаттары арасында капиталды орынды бөлу; портфельді қымбат және орта бағалы қағаздар арасында әртараптандыру; тәуекелдің, кірістіліктің және құнның мұқият теңгерімі.

6. Барлығы орта мәнге қайтып келе жатқанын ұмытпаңыз, нарықты басып озатын өзара қорлар, егер төменге түспесе онда бәрібір нормаға оралады.

7. Тандалған курс бойынша жүріңіз. Нарықта қандай өзгеріс болса да өз инвестициялық стратегияңызбен жұмыс істеңіз. Сәтсіз уақытта стратегияны асығып өзгерту инвестор үшін қате шешім болуы мүмкін.

Инвестициялау құралдарын таңдау маңызды қадам болып табылады. Осындай құралдардың бірі-индекстік пай инвестициялық қорлары. Дұрыс қадам жасау үшін және кейінірек тандалған инвестициялау құралы туралы шағым жасамау үшін алдымен бірнеше сұраққа жауап беруі қажет:

- сіз ақша салымынан қандай табыс алуды жоспарлайсыз? Шын мәнінде, теория жүзінде Индекстік қорлар 100% немесе 200% пайызбен жылдық табысты қамтамасыз етпейді. Алайда, шынайы өмірде табыстылық деңгейі орта есеппен 18-25% пайызды құрауы мүмкін.

- ақшаны қандай мерзімге және қандай тәуекел салымдарға салуға дайынсыз? Егер сіздің инвестициялау шегі үш жылдан жоғары болса, онда сіз батыл түрде индекс қорын инвестициялық құрал ретінде қарастыра аласыз. Тәуекел деңгейіне келетін болсақ, ол әртүрлі және сіз таңдаған индекстік қорды инвестициялайтын индексіне байланысты;

- пайлық инвестициялық қорға қаржы сала отырып қандай шығындар шығарасыз? Әдетте, басқарушы компанияның комиссиялық және басқа да шығыстар индекстік қорларға қаржы салу барысында басқа қорларға инвестициялауға қарағанда әлдеқайда төмен. Бұл, ең алдымен, индекс қорын басқаруға байланысты төмен шығындарға байланысты.

Осы сұрақтарға жауап беру арқылы сіз өз инвестициялау стратегияңызды құрастыра аласыз. Стратегия – ол сізді инвестициялық мақсаттарға жеткізетін маршрут. Стратегия қаржымен не істеуге болатынын және өз инвестицияларымен не істеуге болмайтынын, яғни ақшаны қайда салуға болатынын, ал қайда тәуекелдің жоғары екенін ұғынуға мүмкіндік береді. Инвестициялық стратегиясыз нәтиже жоқ.

Сонымен Пайлық инвестициялық қор бұл әртүрлі инвесторлардың ақшаларын жинақтап, қандай да бір қаржы құралдарына ұжымдық салу үшін құрылған қор, қаржы акциялар, облигациялар, жылжымайтын мүлік немесе басқа да активтерге салынады. Әрбір инвестор Қордың өз бөлігіне — пайға ие. Пай-бұл қордағы мүліктің шартты үлесі. Бұл атаулы бағалы қағаз, ол сізге осы қордың үлесі тиесілі екенін растайды.

## 20-дәрістің түйіндемесі

**Пайлық инвестициялық қорлардың қызметінің мазмұны.** Пайлық инвестициялық қор бұл әртүрлі инвесторлардың ақшаларын жинақтап, қандай да бір қаржы құралдарына ұжымдық салу үшін құрылған қор, қаржы акциялар, облигациялар, жылжымайтын мүлік немесе басқа да активтерге салынады. Әрбір инвестор Қордың өз бөлігіне — пайға ие. Пай-бұл қордағы мүліктің шартты үлесі. Бұл атаулы бағалы қағаз, ол сізге осы қордың үлесі тиесілі екенін растайды.

### Пайлық инвестициялық қорлардың артықшылықтары

Пайлық инвестициялық қорларға инвестициялар салу тиімділігі депозитке сақтауға қарағанда жоғары. Инвестициялық пай қорларының қызметі бүгінгі күні жеке инвесторлардың тәуекелін қысқартудың ең тиімді тәсілі болып табылады. Инвестицияларды әртараптандыру. Басқарушы компания әртүрлі бағалы қағаздарды біреулердің құнының төмендеуі басқалардың құнының өсуімен өтелетіндей етіп сатып ала алады. Бір инвесторға бағалы қағаздардың осындай портфельін жасау үшін кем дегенде бірнеше миллион теңге қажет. Ал пай қорында кез келген инвестордың шағын қаражаты тіпті пай қорының бағалы қағаздарының барлық портфельі бойынша бөлінетін болады.

### Пайлық инвестициялық қорлардың түрлері

Пайлық инвестициялық қорлардың үш түрін бөледі: ашық, аралас және жабық. Олардың арасындағы айырмашылық өте оңай. Ашық қорлар пайын басқарушы компанияны кез келген жұмыс күні, аралас - белгілі бір кезеңдерде (интервалдар) сатып алуға немесе сатуға болады. Жабық Қордың пайлары басқарушы компанияны өтеуге сенімгерлік басқару шартының қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін ғана ұсынылады.



Кітап: Жеке қаржы

Дәріс: Пайлық инвестициялық қорлар және индекстік қорлар

### **Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар**

- Пайлық инвестициялық қорлардың қажеттілігі мен маңыздылығын дәлелдейтін өз тәжірибеңізден мысалдар мен жағдайларды сипаттаңыз.
- Пайлық инвестициялық қорлардың ішіндегі индекстік қорлардың еркешелігі неде?
- Венчурлық инвестициялық қорлардың артықшылықтары мен кемшіліктерін талдаңыз

### **Бақылау сұрақтары:**

- Пайлық инвестициялық қорлардың мәнін және мазмұнын ашып көрсетіңіз
- Пайлық инвестициялық қорлардың түрлерін атаңыз
- Пайлық инвестициялық қорлардың қызметінің механизімін сипаттаңыз

### **Қосымша ресурстар**

1. Р. Т. Кийосаки.: Богатый папа, бедный папа. М: Издательство Попурри, 2016 г. 224 с
2. Грэм Бенджамин Разумный инвестор. Полное руководство по стоимостному инвестированию. М:Издательство Альпина Паблицер, 2017 г. 568 страниц
3. Уоррен Баффетт, Джон Грэшем Правила богатства. Уоррен Баффет. М.:Издательство АВ Publishing, 2017